корпорацияның МАЖ жүйесінде қолхатта штрих-кодты сканерлеу арқылы белгіленеді.

Қызмет берушіге берілетін құжаттардың тізілімі Мемлекеттік корпорация МАЖ-ында автоматты түрде қалыптастырылады. Қызметкер (маман) берілетін құжаттардың басып шығарылған тізілімін екі данада қызмет берушіге беруді жүзеге асырады.

Тізілімнің екі данада қалыптастырылған өтініштері (құжаттар пакетімен) арнайы жәшікке салынып, мөр соғылады және курьерлік немесе оған уәкілетті басқа байланыс арқылы Мемлекеттік корпорация басшысы бекіткен кестедегі белгілі уақытта қызмет берушіге жолданады. Тізілімнің екінші данасы қызмет берушінің алғаны туралы белгімен Мемлекеттік корпорацияға қайтарылады.

Тізілімнің екі данада қосымшасымен беруге дайын құжаттар қызмет берушіден курьерлік немесе оған уәкілетті басқа байланыс арқылы Мемлекеттік корпорация басшысы бекіткен кестедегі белгілі уақытта жеткізіледі.

Дайын (рәсімделген) және бас тартылған құжаттарды қабылдау кезінде жинақтау секторының қызметкері (маманы) қызмет беруші ұсынған құжаттардың сәйкестігін текскереді. Тізілімнің екінші данасы тізілімде көрсетілген барлық құжаттар болған жағдайда ғана қызмет берушіге алынғандығы туралы белгі қойылып қайтарылады. Басқа жағдайда бас тарту себептері көрсетіліп құжаттар қабылдаудан бас тартылады.

10. Мемлекеттік корпорация арқылы сұрау нәтижелерін алу процесі:

қызмет алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алуға мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімі аяқталған соң жүгінеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

Мемлекеттік корпорацияға құжаттар пакетін тапсырған сәттен бастап:

43 (қырық үш) жұмыс күні:

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттар қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік корпорацияда қызмет алушыға дайын құжаттарды беруді қолхат негізінде, азаматтың тұлғасын растайтын құжатты (не болмаса сенімхат бойынша оның өкілін, заңды тұлға – уәкілеттігін растайтын құжатты) ұсынған жағдайда, оның қызметкері жүзеге асырады.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттауы, сондай-ақ Мемлекеттік корпорациямен өзара іс-қимыл тәртібін сипаттауы осы Регламентке қосышаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестердің анықтамалығы «электрондық үкімет» веб-порталында, көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған.

«Су объектілерін оқшауланған немесе бірлесіп пайдалануға конкурстық негізде беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Шартты белгілер:

- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы
- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту
- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) құрылымдық-функционалдық бірліктің атауы және рәсімді (іс-қимылды) көрсету мерзімі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ФИЛИАЛЫ

№ 4 БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗІ
2018 жылғы 30 қазан

Облыстың ақша-кредит нарығы 2018 жылғы 9 айдың қорытындылары

Банк секторы: 2018 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша облыста Өскемен қ. екінші деңгейдегі банктердің 16 филиалы, Семей қаласында 11 филиалы, сондай-ақ облыстың қалалары мен аудандарын қамтитын банктердің құрылымдық бөлімшелерінің желісі жұмыс істеді. Аймақта банктік қызметтердің жеке түрлерін «Қазпошта» АҚ тармақталған желісі көрсетеді.

Депозит нарығы: 2018 жылғы 1 қазанды алғанда екінші деңгейдегі банктердің филиалдарында депозиттердің көлемі 464,3 млрд. теңгені құрады, жыл басынан бері 39,6 млрд. теңгеге немесе 8%-ға төмендеді (2017 жылғы ұқсас кезеңде өсу 25,4 млрд. теңгені немесе 6%-ды құраған).

2018 жылғы қаңтар-қыркүйек айына халықтың салымдары (5%-ға) өсті және 375,1 млрд. теңгені құрады, олардың үлесіне депозиттердің жалпы көлемінен 81%. Заңды тұлғалардың салымдары 39% төмендеді және 89,8 млрд. теңгені құрады

Жыл басындағымен салыстырғанда ұлттық валютадағы салымдар көлемі 266,5 млрд. теңгеден 289,1 млрд. теңгеге дейін 8%-ға өсті. Шетел валютасындағы депозиттер 175,8 млрд. теңгеге дейін 26%-ға төмендеді. Ұлттық және шетел 2018 жылғы 1 қазанға жалпы көлемінен тиісінше 62% және 38%-ды құрады (2018 жылғы 1 қаңтарда - 53% және 47%).

Кредит нарығы: 2018 жылғы қаңтар-қыркүйек аралығында облыстың екінші деңгейдегі банк филиалдары 329,0 млрд. теңге сомасында кредит берді, бұл 2017 жылдың ұқсас кезеңінен (252,4 млрд. теңге) 1,3 есе көп.

2018 жылдың 3-тоқсан соңында облыстың екінші деңгейдегі банк филиалдарындағы ссудалық портфель 457,2 млрд. теңгені құрады, жыл басынан бері 59,6 млрд. теңгеге немесе 15%-ға өсті (2017 жылғы ұқсас кезеңге 33,4 млрд. теңге немесе 9% азғана өсу байқалған).

Ұлттық валютада кредиттер бойынша қарыз 430,4 млрд. теңгеге дейін 15%-ға өсті. Шетел валютасында кредиттер 8%-ға өсті және 26,7 млрд. теңгені құрады. Валюта түрлері бойынша кредиттер құрылымы: 94% – ұлттық валютадағы кредиттер, 6% – шетел валютасындағы.

Жеке тұлғалардың берешектері 29,5 млрд. теңгеге немесе 12%-ға және 284,9 млрд. теңгені құрады. Жыл басынан бері заңды тұлғалардың қарызы 21%-ға өсті және 172,3 млрд. теңгені құрады. Кредиттер бойынша берешектер құрылымында жеке тұлғалар берешегінің үлес салмағы – 62% және заңды тұлғалар – 38%-ды құрады.

Шағын кәсіпкерлікке берілген кредиттер бойынша берешектер 68,3 млрд. теңгеден 77,2 млрд. теңгеге дейін (13%-ға) өсу байқалады, кредиттер бойынша жалпы берешектен оның үлесі 17%-ды құрады.

Салалар бөлігінде кредиттер бойынша ең көп берешектер экономиканың келесі салаларында бар: өнеркәсіп (20%), сауда (8%) және құрылыс (3%).

Валюта нарығы: 2018 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша валютаны айырбастау қызметін 197 айырбастау пункті көрсетті, оның ішінде уәкілетті банктерге – 131-і, уәкілетті ұйымдарға – 48-і, почта байланысының уәкілетті ұйымына – 18-і.

Өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2018 жылғы қаңтар-қыркүйекте қолма-қол шетел валютасының нарығында облыстың айырбастау пункттерінің сату көлемі төмендеді: 189,3 млн. дейін 2%-ға АҚШ долларын, 15,5 млрд. дейін 39%-ға Ресей рублі. Сонымен қатар 115,9 млн. дейін 8%-ға АҚШ долларын, 3,8 млрд. дейін 22%-ға Ресей рублін сатып алу көлемі өсті. Бұл ретте еуромен операциялар төмендеді: сату көлемі 16,1 млн. еуроға дейін 13%-ға төмендеді, сатып алу – 7,1 млн. еуроға дейін 19%-төмендеді.

Төлем карточкаларының нарығы. 2018 жылғы қазанды алғанда Шығыс Қазақстан облысы бойынша айналыстағы төлем карточкаларының саны 1 182 мың бірлікті құрады.

Жыл басындағы көрсеткіштермен салыстырғанда орнатылған POS-терминалдар саны 527 бірлікке немесе 7%-ға көбейіп, 7 928 бірлікті құрады, төлем карточкаларының көмегімен қолма-қолсыз төлемдерді қабылдайтын кәсіпорындар саны 165 бірлікке немесе 4%-ға өсті және 4 084 бірлікті құрады. Банкоматтар саны 786 бірлікті құрады (жыл басында – 779 бірлік), төлем терминалдарының саны өзгерген жоқ және 1 538 бірлікті құрады.

2018 жылғы қаңтар-қыркүйекте қазақстандық және шетел эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдаланған операциялар көлемі 18,7 млн. теңге жалпы сомасына 679,7 млрд теңге транзакцияны құрады, бұл 2017 жылдың ұқсас көрсеткіштерінен тиісінше 23%-ға және 26%-ға көп. Төлем карточкаларын пайдалану арқылы қолма-қолсыз есеп айырысулар сомасы 67,3 млрд. теңгені құрады, бұл 2017 жылдың қаңтар-маусымынан 1,7 есе көп, төлем карточкаларын пайдаланып жүргізген операциялардың жалпы сомасынан төлем карточкаларын пайдаланып жүргізген қолма-қолсыз есеп айырысулар үлесі – 10%.

ҚР Ұлттық Банкінің
Шығыс Қазақстан филиалы

Өскемен қаласы әкімдігінің
2018 жылғы 24 қыркүйектегі № 3950 қаулысы
Өскемен қаласы

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2018 жылғы 24 қазандағы № 5-1-201 тіркелді.

Өскемен қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 05 маусымдағы № 2404 «Көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар белгілеу туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 06 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2-тармағына, «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес, Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Өскемен қаласы әкімдігінің «Көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар белгілеу туралы» 2018 жылғы 05 маусымдағы № 2404 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-1-189 нөмірімен тіркелген, 2018 жылы 3 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрде эталондық бақылау банкінде, 2018 жылы 5 шілдеде «Дидар», «Рудный Алтай» газеттерінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«1. Көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес анықталсын»;

қаулының қосымшасы жаңа редакцияда осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жазылсын;

3-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«3. Өскемен қаласы әкімдігі қаулыларының күштері осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жойылды деп танылсын»;

қаулы осы қаулының 2-қосымшасымен толықтырылсын.

2. «Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) аумақтық әділет органында осы қаулыны мемлекеттік тіркеуді;

2) мемлкеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды нұсқада қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми түрде жариялау үшін жіберуді;

3) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы қаулының көшірмесін ресми жариялауға Өскемен қаласы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына жіберуді;

4) осы қаулы ресми түрде жарияланған соң Өскемен қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Өскемен қаласы әкімінің орынбасары Е. А. Литвиноваға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Өскемен қаласының әкімі **Ж. Омар**

Өскемен қаласы әкімдігінің
2018 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 3950 қаулысына
1 қосымша

Өскемен қаласы әкімдігінің
2018 жылғы 5 маусымдағы
№ 2404 қаулысына
1 қосымша

Көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар

№ р\с	Орналасу орындары
1	Абай даңғылы (№ 1, 5, 15, 16 ғимараттары ауданында)
2	Абай даңғылы («Автобекет» аялдама кешені ауданында, жұп жағы)
3	Абай даңғылы(«Аурухана кешені» аялдама кешені ауданында, жұп жағы)
4	Достоевский көшесі – Абай даңғылының қиылысында («Встреча» дәмханасы ауданында)
5	Тәуелсіздік (Независимость) даңғылы (№ 1, 4, 28, 42, 68, 70, 87/1 ғимараттары ауданында)
6	Виноградов–Грузинский көшелерінің қиылысында
7	Ворошилов – Белинский көшелерінің қиылысында
8	Қазақстан көшесі (№ 99 ғимараты ауданында)
9	Ворошилов көшесі – Абай даңғылы қиылысында
10	Пермитин – Қабанбай батыр көшелерінің қиылысында
11	Қабанбай батыр атындағы көшесі («Базар» автобус аялдамасы ауданында, тақ жағы)
12	Ворошилов көшесі (№ 156 ғимараты ауданында)
13	Бажов көшесі (№ 100, 331/2, 345, 499, 501/1 ғимараттары ауданында)
14	Орджоникидзе көшесі (№ 42, 50, 53-55 ғимараттары ауданында)
15	М. Горький көшесі (№ 76 ғимараты ауданында)
16	Мыза көшесі («Өскемен вокзалы» соңғы трамвай аялдамасы ауданында)
17	Көкжал Барақ көшесі (№ 24 ғимараты ауданында)
18	Кожедуб көшесі (№ 52 ғимараты ауданында)
19	Киров – Орджоникидзе көшелерінің қиылысында
20	Комсомол көшесі (№ 37/1 ғимараты ауданында)
21	Михаэлис көшесі (№ 22 ғимараты ауданында)
22	Қазыбек би даңғылы (№ 34 ғимараты ауданында)
23	Машиностроители көшесі (№ 2, 6 ғимараттары ауданында)
24	Новаторлар көшесі (№ 5, 19 ғимараттары ауданында)
25	Островский көшесі (№ 4, 6 ғимараттары ауданында)
26	Әуезов даңғылы («Орленок» автобус аялдамасы ауданында, жұп жағы)
27	Питерлік Коммунарлар көшесі (№ 15 ғимараты ауданында)
28	Октябрьский көшесі (№ 130А, 131 ғимараттары ауданында)
29	Буров көшесі (№ 5, 33 ғимараттары ауданында)
30	Мостовая көшесі (№ 1/1 ғимараты ауданында)
31	Беспалов көшесі (№ 51/1 ғимараты ауданында)
32	Согринская көшесі (№ 154, 162/1 ғимараттары ауданында)
33	Өтепов көшесі (№ 15 ғимараты ауданында)
34	Тимирязев көшесі (№ 181 ғимараты ауданында)
35	Тимофеев көшесі (№ 69 ғимараты ауданында)
36	Охотская көшесі (№ 34 ғимараты ауданында)
37	Гагарин желекжолы (№ 18/1 ғимараты ауданында)
38	Севастополь көшесі (№ 3, 18 ғимараттары ауданында)
39	Карбышев көшесі (№ 3, 52 ғимараттары ауданында)
40	Геологическая көшесі (№ 2 ғимараты ауданында)
41	Деповская көшесі (№ 171 ғимараты ауданында)
42	Шоссейный тұйық көшесі (№ 15 ғимараты ауданында)
43	Базовая көшесі (№ 1А ғимараты ауданында)
44	Меновное ауылы, Ярославская көшесі (№ 68 үй ауданында)
45	«Пристань» соңғы автобус аялдамасы ауданында
46	«Жаңа – Ахмер» соңғы автобус аялдамасы ауданында
47	Самсоновка ауылы жағына шығатын Самар тас жолы
48	Защита – 2 станциясы, Шмелев лог, Жаңа Согра, Станиславский көшесі, Меновное ауылының зираттары аудандарында

Өскемен қаласы әкімдігінің
2018 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 3950 қаулысына
2 қосымша

Өскемен қаласы әкімдігінің
2018 жылғы 5 маусымдағы
№ 2404 қаулысына
2 қосымша

Өскемен қаласы әкімдігінің күші жойылған қаулыларының тізімі

1. Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 27 сәуірдегі № 6857 «Көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар белгілеу туралы» қаулысы (Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық әділет басқармасында 2010 жылы 25 мамырда № 5-1-145 тіркелді, 2010 жылы 4 маусымда «Дидар», 2010 жылы 8 маусымда «Рудный Алтай» газеттерінде жарияланды);

2. Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 17 сәуірдегі№ 728 «Өскемен қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 27 сәуірдегі № 6857 «Көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар белгілеу туралы» қаулысына өзгертулер енгізу туралы» қаулысы (Шығыс Қазақстан облысы әділет департаментінің Өскемен қалалық әділет басқармасында 2012 жылы 17 мамырда № 5-1-188 тіркелді, 2012 жылы 31 мамырда «Өскемен», «Усть-Каменогорск» газеттерінде жарияланды);

3. Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 02 желтоқсандағы №13965 «Өскемен қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 27 сәуірдегі № 6857 «Көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар белгілеу туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы» қаулысы (Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 24 желтоқсанда № 4289 болып тіркелді, 2016 жылы 13 қаңтарда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылы 21 қаңтарда «Алдаспан», «Устинка» газеттерінде жарияланды);

4. Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 710 «Өскемен қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 27 сәуірдегі № 6857 «Көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар белгілеу туралы» қаулысына өзгерту енгізу туралы» қаулысы (Шығыс Қазақстан облысының әділет департаментінде 2016 жылы 18 шілдеде № 4604 болып тіркелді, 2016 жылы 22 шілдеде «ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі» АЖ, 2016 жылы 01 тамызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылы 21 шілдеде «Алдаспан», «Устинка» газеттерінде жарияланды);

5. Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 31 шілдедегі № 3123 «Өскемен қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 27 сәуірдегі № 6857 «Көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар белгілеу туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы» қаулысы (Шығыс Қазақстан облысының әділет департаментінде 2017 жылы 29 тамызда № 5182 болып тіркелді, 2017 жылы 07 қыркүйекте «ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі» АЖ, 2017 жылы 14 қыркүйекте «Дидар», «Рудный Алтай» газеттерінде жарияланды).

Құттықтаймыз!

Зайсан қаласының тұрғыны Айгүл Қыдырбекқызы СЕГІЗБАЕВАНЫ зейнеткерлік жасқа толуымен құттықтаймыз!

Бақыт сыйлап әрбір келген күніңіз,
Қуаныштан бал-бұл жансын жүзіңіз.
Мол жемісін көріп еккен еңбектің,
Ортамызда аман-есен жүріңіз.
Өрлей берсін алға қарай тасыңыз,
Ұзақ жасап асулардан асыңыз.
Айгүл апай, келіп жеткен бүгінгі,
Құтты болсын зейнеткерлік жасыңыз!

Ізгі тілекпен: кіндік қызы – Еңлік

Енді 11 жастан аспаған балаларды емханаға онлайн режимінде тіркеуге болады

Электронды үкімет порталы мен egov.kz Telegram-ботында балаларды емханаға тіркеу қызметі іске қосылды. Маңызды анықтама: онлайн-қызмет 2007 жылға дейін туған балаларға көрсетілмейді.

Қызметті әзірлеген «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ хабарлауынша, ол үшін пайдаланушы egov.kz порталына тіркеліп, электронды цифрлық қолтаңбасы болса жеткілікті. Қызметті пайдалану үшін алдымен порталдағы «Денсаулық сақтау» бөліміне кіреміз.

«Бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медицина ұйымына тіркелу» қызметін таңдап, балаға қызмет көрсету опциясын басамыз.

Содан соң жүйе баланың ЖСН енгізуді сұрайды. ЖСН негізінде туыстық байланыстарды анықтау үшін АХАТ бөлімінің ақпараттық жүйесіне автоматты түрде сауал жолдайды. Бұл көп уақыт алмайды. Процесс аяқталғаннан кейін, сіз онлайн-өтінімге тұратын аймағы, медицина ұйымы, тіркеу себебі, учаскелік дәрігер деген сынды тағы да басқа мәліметтерді толтыруға мүмкіндік аласыз.

Көрсетілген қызметтің нәтижесі өтініш жолдаушының порталдағы жеке кабинетіне жолданады. Қызмет көрсету мерзімі бір жұмыс күнінен аспауы тиіс.

Аталған қызметті Telegram Bot арқылы алу үшін https://t.me/EgovKzBot сілтемесін пайдалануға болады. «Бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медицина ұйымына тіркеу» қызметін басып, чаттағы тиісті батырмаларды басу қажет. Қызметті бот арқылы алу үшін оған жазылу шарт (Чаттағы «Start» батырмасын басып, ұялы телефон нөмірін пайдалануға рұқсат ету).

Естеріңізге сала кетсек, қазір елімізде жыл сайынғы емханаға тіркеу науқаны жүріп жатыр. Екі айлық дәстүрлі кампания 15 қарашада аяқталады.

Емханаға тіркелуді электронды үкімет порталынан басқа таңдап алынған медициналық ұйымға тікелей бару немесе халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүзеге асыруға болады. «ӘМСҚ» КЕАҚ ШҚО бойынша филиалының директоры Болат Алиевтің айтуынша, өткен жылдың тіркеу науқаны барысында 29 мың облыс тұрғыны емхана таңдау құқығын пайдаланған болатын.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ ШҚО бойынша филиалы

КОНКУРС

Өскемен қаласы әкімдігінің «Жаңа Согра» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны жалпы мәселелер жөніндегі директордың орынбасары бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Кәсіпорын қызметі: қаланың коммуналдық шаруашылығы саласы: сумен жабдықтау және су бұру, жылу энергиясын беру.

Функционалдық міндеттері: мемлекеттік сатып алу бөлімінің, абоненттік бөлімінің, қойманың, аудармашының, референт-хатшының, кәсіпорын объектілерін күзету жұмыстарына жетекшілік жасау. ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес кәсіпорын бөлімшелері мен қызметтерін негізгі материалдармен, жабдықтармен, құрал-саймандармен, сонымен қатар қызметтермен материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешу. Нормативтік құжаттардың және облыстық, қалалық қадағалау органдарының шешімдерін орындауға және кәсіпорын қызметін басқаруға байланысты даярлау, бекіту және бақылау мәселелерін қарастыру.

Біліктілік талаптары: білімі жоғары кәсіби (техникалық, заңгерлік, инженерлік-экономикалық) және мамандығы бойынша коммуналдық шаруашылық жүйесінде басқарушы лауазымында кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болу.

ҚР заңнамасын білу талаптары: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы және негізгі бөлімдері), Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңы, мемлекеттік кәсіпорынның қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- еркін үлгіде жазылған өмірбаян;
- білімі туралы құжаттарының көшірмелері;
- белгіленген тәртіпте куәландырылған еңбек кітапшасының (ол бар болған жағдайда) немесе еңбек шартының не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылдау және еңбек шартын тоқтату туралы бұйрықтардың көшірме үзіндісі;
- белгіленген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Үміткерлер құжаттарды Өскемен қаласы әкімдігінің «Жаңа Согра» ШЖҚ КМК кадрлар бөліміне хабарландыру жарияланған күннен бастап жиырма күнтізбелік күн аралығында ұсынады.

Конкурсты өткізу орны – Өскемен қаласы әкімдігінің «Жаңа Согра» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Мекенжайы бойынша анықтама: ШҚО, Өскемен қаласы, Менделеев көшесі, 13 а, телефоны: 62-02-04.

ТЫҢДАУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті **2018 жылғы 9 қарашада сағат 11.00-де** ШҚО, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Тумашинов көшесі, 4 (Мәдениет үйі ғимараты) мекенжайында **Катонқарағай ауданының «АлтайКомХоз Сервис» КМК көрсетіп отырған жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау бойынша қызметтеріне тариф пен тарифтік сметаны бекітуге арналған өтінімді қарауға қатысты** жария тыңдау өткізетіндігін жариялайды.

ТЫҢДАУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті **2018 жылғы 8 қарашада сағат 15.00-де** ШҚО, Көкпекті ауданы, Көкпекті ауылы, Уәлиханов көшесі, 38 мекенжайында **Көкпекті ауданының «Шуақты шұғыла» балабақшасы КМҚК көрсетіп отырған жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметтеріне тариф пен тарифтік сметаны бекітуге арналған өтінімді қарауға** қатысты жария тыңдау өткізетіндігін жариялайды.

«ШЫҒЫС-АҚПАРАТ» ЖШС САТАДЫ:

Экологиялық куәлік – 300 тг;
Куәліктің бланкісі – 200-320 тг;
Құттықтау папкалары (бумвинил) – 500 тг;
Құттықтау папкалары (баладек, балакрон) – 1000 тг;
Сызықты журналдар – 700, 1000 тг;
«Дидар», «Рудный Алтай» газеттері – 60 тг.

Телефон: 75-44-78.

Абай елінің тумасы, Шыңғыстау өңірінің даңқты перзенті, тектінің тұяғы, қазіргі қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасы бар жазушы, «Жігер» фестивалінің лауреаты, бірнеше әңгімелер мен повестердің авторы болған қаламгер

Талғат Кеңесбаевтың

дүниеден өтуіне байланысты марқұмның туыстарына, ұрпақтарына Абай елі атынан қайғырып көңіл айтамыз.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын, иман байлығын берсін.

Абай елі атынан: аудан әкімі Ж. Байсабыров,
аудандық мәслихат хатшысы Е. Лдибаев